

**Жетісу облысының Денсаулық сактау баскармасыны ММ ШЖК
«Кербұлак
аудандық орталық ауруханасы»МКК
Медицина қызметкерлерімен жиналыс
ХАТТАМА №10**

Сарыөзек ауылы

27.03.2025ж.

Комплаенс-офицер - Наурызбек Біржан

Күн тәртібінде:

**1. Казакстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы»
Заңнамасын және мұдделі қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттарына тусіндірме оку-
дәрісі.**

Аурухана мұдделер қақтығысын басқаруды (Алдын алу және реттеуді) мұдделер
қақтығыстарын басқарудың мынадай түйінді қағидаттары негізінде жүзеге асырады:

Заңдылық қағидаты – осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және
аурухананың ішкі құжаттарына сәйкестігі;

Аурухананың мұдделерін қорғау қағидаты – жеке басының артықшылықтарын негізге
ала отырып емес, Қазақстан Республикасының заңнамасына және аурухананың ішкі
құжаттарына ғана сүйене отырып, шешім қабылдауға міндетті әрбір лауазымды адамның
және қызметкердің борышы екендігі ескертілді.

Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты – жеке мұдделерді ашық
декларациялау және үйғарылған рәсімдер шенберінде лауазымдық міндеттерді орындау
ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізін құрайды, бұл мұдделер қақтығысын
болдырмауға немесе реттеуге ықпал етеді.

Объективтік және жеке қарау қағидаты – мұдделер қақтығысының әрбір жағдайы
аурухана үшін әлеуетті тәуекелдерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралуы және
уақытылы реттелуі тиіс. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер мұдделер қақтығысын
зерттеу процесі мен нәтижелеріне жеке және өзгеде мұдделер мен әртүрлі факторлардың
кез келген әсерін қоса алғанда, мұдделер қақтығысының нақты жағдайын бүрмалайтын
кез келген субъективтілікті барынша азайтуға тиіс;

Тарту қағидаты – аурухананың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар болуы және олардың
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске
асыруға, оның ішінде мұдделер қақтығысыналдын алу, анықтау және реттеу саласындағы
белсенді қатысуы;


Мұдделер қақтығысы фактісінде жол бергене лауазымды адамның немесе қызметкердің
басшысы дербес жауапкершілік және жажадан құтылмау қағидаты мұдделер қақтығысын
уақытылы анықтамағаны және ашпағаны үшін, сондай-ақ тиісінше реттемегені үшін
дербес жауапты болады. Барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер аурухананың
жеке мұддесі мен мұдделері арасындағы теңгерімнің сақталуына дербес жауапты болады,

сөндай-ақ лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өздерінің жеке мұдделерін декларациялауға және сәйкестендіруге жауап беруі тиіс.

Заңнамада көзделген шаралардан басқа, ШЖҚ «Кербұлақ аудандық орталық ауруханасы» МҚҚ медициналық қызметкерлерге Бірыңғай тегін call-орталық жұмыс істеп тұрғанын хабарлап, 1424 қысқа нөмеріне қонырау шалып, кез келген қазақстандық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ала алады немесе сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылық фаутілері туралы хабарлай алатындығы туралы ескертті.

Мұдделер қақтығысына байланысты қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда комплаенс-офицерге жүгінуге болатындары туралы түсіндірліді.

Комплаенс-офицер


Наурызбек Б.К.